

М.Алтысбес¹, Т. Еришева²

*¹т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев Еуразиялық ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

*²PhD докторант, Л.Н. Гумилев Еуразиялық ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

ҰЛТТЫҚ ҰЖЫМДЫҚ ЖАДЫ ФЕНОМЕНІ ТҰРҒЫСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ПЕРСОНАЛИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Қазақ халқының тарихи жадысында ерекше орын алатын санатына – тарихи тұлғалар, яғни елін сыртқы жаудан қорғаған қайсар батырлар, елінің қамын жеген данагөй хандар мен билердің бейнесі жақсы сақталған. Оларды қазіргі заман ұғымымен ұлт, мемлекет, саясат және қоғам қайраткерлері деп атаймыз. Халық ғасырлар бойы олардың ерліктерін дәріптеп, ұрпақтар сабақтастығы арқылы есте сақталуына мән беріп, тарихи сананың тәрбие құралына айналдырды. Осылай Ұлы Даланың ірі қайраткер тұлғаларының данқты есімін аңызға айналдырып, жыраулардың эпостық жыр, толғау, дастандарында бейнеленіп, баяндалатын тарихи сипаттағы негізгі кейіпкерлері ретінде танылды. Мақаланың мақсаты тарихи жады феномені тарихи тұлғаларды есте сақтау құбылысы тұрғысында қарастырылады.

Түйін сөздер: тарих, жады, ұлт, ғылым, тарихнама, сана, таным.

M. Alpysbes¹, T. Yerisheva²

*¹ Professor. Doctor of History. ENU named after L.N. Gumileva
city, Nur-Sultan, Kazakhstan*

*²PhD doctoral candidate, ENU named after L.N. Gumileva
city, Nur-Sultan, Kazakhstan*

VISION OF THE PHENOMENON OF THE NATIONAL COLLECTIVE MEMORY IN THE CONTEXT OF HISTORICAL PERSONALISM

Abstract

In the historical memory of the Kazakh people, the image of historical figures - fair rulers - the khans, heroic batyrs guarding their country from enemies, and wise bias who cared for their people are well preserved. In modern science they are called national, state, political and public figures. Through the centuries, people have kept their memory from generation to generation, and historical memory has become a tool of such an archive. The main historical characters were presented and described in epic poems, historical legends, legends, making up a set of names and generations of prominent personalities of the legendary country of the Great Steppe. The purpose of the article is to consider the phenomenon of historical memory as a specific phenomenon of memorizing historical figures.

Key words: history, memory, nationality, science, historiography, consciousness, cognition

М.Алтысбес¹, Т. Еришева²

*¹профессор, д.и.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, Казахстан
²PhD докторант, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,
г. Нур-Султан., Казахстан*

ВЗГЛЯД НА ФЕНОМЕН НАЦИОНАЛЬНОЙ КОЛЛЕКТИВНОЙ ПАМЯТИ В КОНТЕКСТЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПЕРСОНАЛИСТИКИ

Аннотация

В исторической памяти казахского народа хорошо сохранился образ исторических личностей – справедливых правителей – ханов, героических батыров, охраняющих свою страну от врагов, и мудрых биев, заботившихся о своем народе. В современной науке их называют национальными, государственными, политическими и общественными деятелями. Сквозь века люди хранили память о них от поколения к поколению, а историческая память стала инструментом такого архива. Главные исторические персонажи были представлены и описаны в эпических поэмах, исторических преданиях, легендах, составляя свод имен и поколений выдающихся личностей легендарной страны Великой степи. Цель статьи - рассмотреть феномен исторической памяти как специфическое явление запоминания исторических фигур.

Ключевые слова: история, память, народность, наука, историография, сознание, познание.

Қоғамдық-тарихи процес барысын толық ұғыну үшін, және қандай да бір ірі тарихи оқиғаның себептерін түсіндіру үшін, қоғамдық дамудың жалпы әрі бастапқы алғышарттарын біліп қана қоймай, елдің өзіндік даму жолын, оқиғаларға қатысқан тарихи қайраткерлердің, тарихи тұлғалардың ролін айту керек. Ескі заманның тарихы қашан да болмасын жалпылама сөйлетіліп, баяндалады, бергі уақыттың ғана тарихы әлдеқайда толымды да, толық баяндалуы мүмкін, өйткені ескі замандарда тарих хаттап баяндайтын жазушылар көп болған жоқ, мұрағаттар сақталған жоқ, әрбір адамның аты жөні мен оның өмірбаянын, туған өлген жылдарын тіркеуге алып отыратын құжаттар болған жоқ, немесе сақталған жоқ. Бірақ, сол бар және сақталған мәліметтердің өзі біршама тарихи бейнесін көз алдына елестетіп әкелуге мүмкіндік береді, ең басты сұрақтарға жауап табуға қызмет етеді. Сондықтан, тарих ғылымы үшін ұжымдық тарихи жады мен тарихи сана табиғаты мәселесінің тыңғылықты зерттелуі нәтижелі болмақ.

Өткен тарихымызда өшпес із қалдырған, өз замандарында елеулі тарихи оқиғалардың басы-қасында болған шоқтығы биік тұлғалар болды. XVIII ғасыр тарихы қазақ халқының шежірелік тарихи санасында ең басты тұлғалардың бірі – қазақ ханы Абылай есімімен сөйлетіледі. Одан әрі өз-Тәуке, Салқам Жәңгір, Еңсегей бойлы ер Есім заманы деп XVII ғасыр тарихы, ал XVI ғасыр тарихы қазақ халқы үшін әйгілі Шығай, Хакназар, Тәуекел, Қасым хандардың заманы ретінде айтылып, жырланады. Осының өзі түсінбеген адамға жұтаң, қораш көрінуі мүмкін. Берідегі кезең Кенесары заманы, зар-заман ақындарының заманы ретінде белгілі. Мысалы, XVIII ғасыр тарихы қазақ халқының атақты тарихи тұлғалары жасаған заман, ол кезеңде Бұқар жырау, Қаз дауысты Қазыбек би, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Олжабай батыр, Малайсары тархан, Баян батыр және тағы басқа есімі халыққа танымал тарихи тұлғалардың заманы. Бұл тұлғалар туралы баяндау, әңгімелерді есте сақтау, тіпті жырлап айту халыққа тән болған. Әңгіме, жыр, аңыз, шежірелер халықтың тарихи жады құралдары болған. Халық үшін тарихи тұлға бейнесі әдетте бір тарихи дәуір келбетін елестетеді.

Тарихшы Х. Әбжанов мынадай пікір білдіреді: «Қазақтар әріден келе жатқан дәстүрді жалғастыра отырып, кәсіби қоғамдық ғылымдар толық қалыптаспаған уақыттың өзінде тарихты жоғалтпаудың, жүйелеудің, насихаттаудың ұтымды екі үлгісін түзді. Біріншісі – болған істі, өткен күн оқиғаларын қаз-қалпында баяндау. «Қыз Жібек», «Ер Едіге», «Қобыланды батыр» жырлары осының айғақ дәлелі. Бірінші үлгінің арғы нұсқасын байырғы түркі жазуынан байқау қиын емес. Күлтегін ескерткішінің мәтіні – тұнып тұрған тарих, тарихты баяндау... Екінші үлгі – шежіре тарқату» [1, 3 б.]. Ұзақ уақыт бойы ұлы далада жалпы тарихты, оның ішінде тұлғалар есімін ел жадында ұстаудың өзіндік үлгісі қалыптасты. Тарихтағы тұлғалар ролі мәселесіне қызығушылық ұрпақтар үшін әр кез өзекті, маңызды болды.

Әлем тарихындағы айтулы аса ірі оқиғалар – ұлт-азаттық қозғалыстар, революциялар, соғыстар негізінен халықтың танымал, көрнекті тұлғаларының қызметімен тығыз байланысты. Бұл оқиғалардың басталуында, дамуында және аяқталуында әрбір жеке адам қаншалықты рөл атқарғанын анықтау қажет. Тұлғалар тарихын зерттегенде алдымен халық жадындағы деректерге

жүгіну арқылы белгілі бір тұлғаның портретін жасаймыз. Сондықтан бұл сұрақ теориялық, практикалық және саяси жағынан қызығушылық тудырады.

Тарихи процестің дамуына көптеген факторлар ықпал етеді, оның ішінде қоғамдық қызметпен айналысатын адамның рөлі ерекше. Тарихтағы тұлға рөлін тарихнамада бейнелеу ежелгі дәуірден-ақ қалыптасқан, грек ғалымы Фукидид алдымен биографиялық баяндау тәсілін көрсетті, артынан көптеген грек-рим-византиялық тарихшылар да бұл дәстүрді жалғастырды. Шығыстық және мұсылмандық, араб-парсылық және түркілік тарихнамада да бұл дәстүр жақсы дамыды. Еуропалық тарихнамада да, философиялық ойшылдардың еңбектерінде де айтылады, мысалы, Г. Гегель, Г.В. Плеханов, Л.Н. Толстой, К. Маркс сынды және басқа да әйгілі философтар, ойшылдар қарастырды. Г.В. Плеханов тарихты адамдар жасайтынын еңбектерінде атап өткен [2].

Әрбір жеке тұлғаның тарихи оқиғалардағы атқарған рөлін, қоғамдық өмірдің қандай да бір саласындағы ықпалын – бұл жалпы тарихи процеске жасаған ықпалы деп санауға болады. Француз жазушысы Ж. Леметр барлық адамдар тарихты жасауға қатысады деп есептейді [3, 74 б.].

Ағылшын философы Т. Карлейль тарихтағы тұлғалардың рөлін өзінің ең танымал «Қаһармандар мен тарихтағы қаһармандық» еңбегінде қарастырды. Карлейльдің айтуынша, әлем тарихы бұл - ұлы тұлғалардың өмірбаяны.

Саясат саласында да қоғам тағдырын анықтайтын күш – халық. Халық бұқарасын тарихи дамудың негізгі күші ретінде мойындау тарихтағы тұлға рөлін, олардың тарихи оқиғалар барысына ықпалын жоққа шығармайды. Халық бұқарасы тарихи оқиғаларға белсендірек қатысқан сайын, осы бұқараны басқарған көсемдердің, көрнекті тұлғалардың рөлі туралы мәселе өзекті бола түседі. Түрлі қоғамдардағы, түрлі дәуірлер мен кезеңдердегі тарихи процестегі жеке тұлғаның рөлі туралы мәселе әр заманда әртүрлі ойшылдар мен ғалымдарды толғандырды және бұл мәселе қазіргі кезге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Тарихи процеске ерекше әсер ететін, оның жойқын қозғаушы күші ретінде де жеке тұлғаны таниды. Ойшылдардың бір тобы ондай маңызды қызметті қоғамдағы игі-жақсыларға, бетке шығар элитаға береді. Маркстіл ғалымдар болса тарихтың қозғаушы күші бұқара халық деп есептейді. Халық өндірісті дамытады, мәдени-рухани құндылықтарды өмірге әкеледі, есте қалатындай үлкен қатпар-қатпар тарихи оқиғаларға, өзгерісті құбылыстарға қатынасады. Жоғарыда айтылған жеке тұлғалар мен элита қашан да халық арасынан шығады.

Келесі бір тұжырым жасаушылардың өкілдері, бұқара халықтың қоғамда ешқандай әрекетшіл, жасампаздық рөлі жоқ деп дәлелдейді. Осыдан барып халық бар болғаны тобыр ғана, бір жеке тұлға сияқты биік дәрежеге көтеріле алмайды деген пікір қалыптастырған. Ойшыл Ф. Ницше халық «формасы жоқ материал, ол өзін өңдейтін шеберін күтіп жатқан тас сияқты» дейді. Халықтың басында рухы биік, ақыл-парасаты толысқан, көсем дәрежесіне көтерілген ұлы тұлға тұруға тиісті. Мұндай тұлғаның мүддесі қоғамның қажеттілігімен сәйкес келе бермейді. Сондықтан жеке тұлға мен қоғам арасындағы қайшылықтан конфликт туады. Екі арадағы күресте тек күшті әрі қуатты, және қайраты зор қажырлы тұлға ғана жеңіске жетеді. Осындай тұжырым тарихтың қозғаушы күші жеке тұлға деген түсінік қалыптастырды [4, 151 б.].

Кейбір тұлғалар өзінің бейнесін халықтың ұжымдық тарихи жадында қалдыруға талпынған. Еуропадағы беделді бай-шонжар, феодалдар өздерінің өмір тарихын және өз ата-бабаларының тарихын жазып, өздерінің жадыда мәңгілікке қалуына мән берген екен. М. Блок былай деп жазады: «Басқыншы Вильгельм, германдық IV Генрих, II Конрад сияқты құрметке бөленуге ешқандай құқықтары жоқ тұлғалардың өзі ерліктерін баяндайтын діни қызметкерлерді тапты. XI ғ. беделді бароны анжуйлық граф Фульк ле Решен одан бетерін жасады: ол өз тарихын және өз руының тарихын өзі жазды (немесе жазуға бұйрық берді): осы әлемнің ұлылары өздерінің жадыда қалуына үлкен маңыздылық берген!» [5, 143 с.].

Жер бетіндегі халықтардың кейбіреуінде ғана патшалар сияқты, ерекше тұқымның қайдан шығып кімнен таралғанын дәріптейтін болса, біздің халықта бұл дүниеге келген әрбір азаматтың шыққан тегі таратылады. Шежіре халықтың шығу тегін, жүріп өткен жолын, аса маңызды тарихи оқиғаларды жадыда сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырудың көне замандардан қалыптасқан жолы [6, 98 б.].

Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу – қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақтың қария сөздерінде, шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы танылып отырады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табады. Содан да болу керек, қазақтың дәстүрлі философиялық пайымдауында өмірді өзгертуден бұрын, алдымен, адам санасын

шыңдауға көбірек мән беріледі. Дәл сол сияқты шежірелік дәстүрде де қоғам дамуының жалпы ахуалынан бұрын, алдымен адам туралы мағлұмат беру басты нысана болып отырады.

Сахара төсінде әр кез-кезеңде туындаған тарих туралы еңбектердің баршасы ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегін негізге алу арқылы жазылған. Әрідегі Түрік қағанатының (VI-VIII ғғ.) баһадүрлеріне орнатылған тас ұстындардағы рун жазбаларынан бастап, одан берідегі Рашид-ад-дин, Әмір Темір, Захираддин Бабыр, Дулат Мұхаммед Хайдар, Әбілғазы Баһадүр-хан, Ұлықбек, Жалайыр Қадырғали би, Өтеміс қажы, Шәкәрім қажы, Құрбанғали Халид, Мұхамеджан Тынышбай сияқты тарихшылардың бәрі де жеке тұлғалар өмірі арқылы тарихты зерделеген, қоғам дамуының үрдістеріне ден қойған. Қазақтың шежірелік зердесінде адам – тарихтың негізгі тұлғасы, ал адам сапасы – тарихтың қозғаушы күші [7, 3 б.]. Сондықтан тарихи тұлғалардың жарқын бейнесі ауызша дәстүр негізінде жадыда жатталды.

Адамзат қоғамының дамуы нәтижесінде тарих сахнасына тарихи оқиғаларда орасан рөл атқаратын тарихи тұлғалар дүниеге келеді. Тарихтағы ірі оқиғалардың символына белгілі бір тұлғалар айналады. Мысалы, Қазақ хандығының құрылуы Керей және Жәнібек хандардың есімімен тығыз байланысты. Әрине, тарихта есімі қалған кез-келген тұлға өзіндік дара, қайталанбас қасиеттерімен ерекшеленеді.

Тұлғалар бейнесінің ұжымдық жадыда мәңгіге қалуының бірнеше ерекшеліктерін айқындауға болады: алдыңғы буынның қаһармандығын жадыда жаңғырту арқылы кейінгі буынды ерлік рухында тәрбиелеу; әр елде халық басынан өткерген оқиғаларды белгілі бір тұлғаның өмір жолы мен қызметімен байланыстырып тарихты баяндау дәстүрінің қалыптасуы; өткеннен сабақ алуға ұмтылу, ата-бабаларымыздың жасаған қателіктерін болдырмау; жеке адамдардың жадысының негізінде жалпы халықтық жадының қорланып, тарихқа айналуы. Көрнекті ғалым М.Блок «...Әйтсе де ұжымдық зияткерлік қордағы тарихтың рөлі басым болды деп айтуға болады» [5, 141 с.] деп жазған болатын.

Қазіргі зерттеушілер қоғам мен тұлға өзара ықпалдасатынын атап көрсетеді. Тұлғаның тарихи рөлі орасан зор болады, немесе мүлде сезілмеуі де мүмкін. Тарихи тұлғаның жасаған іс-әрекеттерін түсіну үшін бұл тұлғаның қалыптасу процесін тарихи-биографиялық әдіс негізінде зерттеу қажет. Тарихи-биографиялық әдіс зерттелінетін тұлғаның өмір тарихын жан-жақты зерттеуге жағдай жасайды. Тұлғаның өмірбаянын қалпына келтіруде алдымен тарихи қайраткердің қалдырған «ізіне», яғни қызметінің нәтижелеріне сүйенеміз. Бұл әдісті қолдануда деректердің ерекше корпусын – жеке басқа қатысты құжаттарды (замандастарының куәлігін, мемуарларды және естеліктерді) пайдаланамыз.

Егер өткенді ұмытсақ, егер адамның жадында бұрынғы оқиғалар мен іс-әрекеттер сақталмаса, ғылымда да, техникада да ілгері баспай, адам ойы мен мәдениеті дамымайтын еді. Қай заманда, қай қоғамда болмасын, өз тарихына құрметпен қарау, тарихи тұлғаларды қадірлеу қоғам мәдениеті мен өркениеттілігінің басты өлшемі болған және болып қалады [8, 1 б.].

Тарихи тұлғаларды жадыда сақтаудың белгілі бір механизмдері болды. Мысалы, белгілі бір жерді немесе елдімекенді жеке кісі есімімен атап, ғасырлар бойы аталмыш тұлғаның халық жадысынан өшпеуіне ықпал етті. Қоғамның тарихи жадысында тұлғамен және оқиғамен байланысты нақты қандай да бір жерлер ерекше мәнге ие. Бұл – сол тұлғаның дүниеге келген не дүниеден өткен мекені немесе белгілі тарихи тұлға қатысқан ірі тарихи оқиға болған жер.

Қазақ хандары, батырлары, олардың өмірлері мен ерліктері туралы ұжымдық тарихи жадыда сақталған тарихи жырлар, батырлық эпостар, аңыз-әңгімелер бар. Сондай-ақ, олардың ұрпақтары асыл бабасының жәдігерлерін де ескерткіш ретінде сақтауға тырысқан. Халық өткен заманның әрбір кезеңін, әрбір тарихи қайраткерін, олардың жеке дара мінездерін, қабілетін жан-жақты сипаттап жырмен жеткізгенін байқаймыз. Герман халықтарының тарихын терең қарастырсақ, біз оларда өз батырларының ерліктерін өлеңмен мадақтау дәстүрінің болғанын көреміз. Құрлықтағы германдықтарда, Британияда және скандинавиялықтарда жауынгерлік жырдың екі жанры болды: бірі ең ежелгі, мифтік кейіпкерлерге арналды, басқасы тірі немесе жақын арада қайтыс болған көсемдерді дәріптеді [5, 151 с.].

Эпос өзі таралған жерлерде қиялға ерекше қатты ықпал етті, өйткені көру арқылы қабылданатын кітапқа қарағанда, ол ауызша сөйлеудің барлық ықпалын және қайырмалар мен тіпті бүтін шумақтарды қайталау жолымен «көкейге қондырудың» өзіндік әдісін қолданды [5, 153 с.].

Ауызша мәдениет ортасында өскен адам үшін оның жады әлбетте сенімді есте сақтау құралы бола алады. Адамның жеке ой қызметі мен сананың жетілу дәрежесінің арқасында мұндай реттеуші қабілет ерекше тарихи мұрағат ретінде өз жадында ұзақ тарихи дәуірлердің оқиғалары,

атақты тұлғалары мен олардың қажетті өмір тәжірибесі туралы тарихи деректер осындай дәстүрлі қоғамның ұжымдық тарихи санасында сақтала береді.

Нақты айтқанда адам санасы өткен замандағы тарихи тұлғалардың өмір тәжірибесін, тарихи оқиғалар тағылымын ой елегінен өткізу, сұрыптау арқылы, сақтайды [9, 60 б.].

Қоғам өзінің тарихи жадын әрқашан тарихи тұлғалармен бірге сабақтайды. Өткен өмірдегі айшықты кезеңдер, айтулы оқиғалар, толайым сәттер ұлы қайраткерлермен, атақты билермен, қайсар ерлермен тонның ішкі бауындай бірге өріледі. Себебі халық өзінің қандай да бір шешуші тарихи мәні зор оқиғаларын ардагер ұлдарының тағдыр-талайынан бөліп қарамаған [10, 20 б.]. Академик М.Қозыбаев: «Абылай... Бұл есімді атағанда исі қазақ атаулының жадына «бостандық», «егеменді ел», «қазақ елі», «қазақ халқы», «туған жер», «Отан», «ел бірлігі», «ынтымағы» сияқты қасиетті ұғымдар оралады. Айбынды да, айдынды, аруақты Абылай бабамыздың есімі, рухы осы бір ұғымдардың синонимі емес деп ешкім де айта алмас! Өйткені Абылай ханның – ғажайып батырдың, ұлы қолбасшының, жоғары дәрежедегі мемлекет қайраткерінің, көреген дипломаттың өмірі бір ғасырға жуық қазақ халқының тағдырымен, оның ата тарихымен сабақтас» деген еді [11, 29 б.].

Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. Мысалы, өткен дәуірлердегі Тутанхамон, Конфуций, Ескендір Зұлқарнайын, Шекспир, Гете, Пушкин және Джордж Вашингтон сияқты дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр [12].

Қорыта айтқанда, халық жадында тарихи процесте белгілі рөл атқарған тұлғалар бейнесі мәңгілік сақталды. Осындай дара тұлғаларсыз қазақ тарихын елестету мүмкін емес. Әр кезеңде ізі қалған тарихи тұлғаларды дала заңы, дәстүрі бойынша халық жадыға жаттап, пір тұтып, олардың ерлігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізді. Ұлттық тарихтың көрнекті тұлғаларын есте сақтау, ұлықтау және ұрпақ жадында жаңғырту тәуелсіз Қазақстанда өз жалғасын табуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан: Тарих, тіл, ұлт. – Астана, 2007. – 272 б.
2. Плеханов Г.В. К вопросу о роли личности в истории. // История России. – 2009. – № 12. – с. 25- 36.
3. Малышев И.В. Роль личности и народных масс в истории, – М., 2009. – 289 с.
4. Күзембайұлы А. Тарих теориясы және методологиясы. Оқу құралы. – Қостанай, 2014. - 190 б.
5. Блок М. Апология истории или ремесло историка; пер. Е. М. Лысенко, авт. примеч., отв. ред. А. Я. Гуревич. - М. : Наука, 1973. - 230 с.
6. Еңсенов Қ.А. Қазақ халқының тарихи жады және ауызша тарих айту дәстүрі. -Ақселеу Сейдімбек: ғылыми мұрасы және тәуелсіздік (ауызша тарих мәселелері). Халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2012. – 400 б.
7. Елтұтқа: Ел тарихының әйгілі тұлғалары. /М. Жолдасбекұлы, Қ. Салғараұлы, А. Сейдімбек. – Астана : Күлтегін, 2001 . - 357 б.
8. Досаев М. Тарихи тұлғалар тұғырын тапса екен // Арқа ажары. – 1994. – 6 қазан. – 1 б.
9. Алпысбес М.А. Ауызша дәстүрдегі, шежіредегі түсіндіру құрылымдары және естелік айту. - Ақселеу Сейдімбек: ғылыми мұрасы және тәуелсіздік (ауызша тарих мәселелері). Халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2012. – 400 б.
10. Ибраев Ш. Абылай қызметінің тарихи тағылымы. – «Тарихи тұлға тағылымы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2013. – 384 б.
11. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 бет.
12. Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы. [Электрон. ресурс]. – 2016. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy> (қараған уақыты 10.01.2019)